


КМҚК "№23""Ынтымақ" бөбекжай -бақшасы"

Білім саласы: "Таным"

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері.

Тақырыбы: "Үлкен-кіші, биік-аласа, ұзын-қысқа"



Ортаңғы "Қарлығаш" тобы.

Өткізген тәрбиеші: Иманғалиева .Г.Т

Тексерілді: Ж.А.Аяшова.

Өтпелі тақырып:"Біз еңбекқор баламыз"

Апта тақырыбы:"Жазда келді көңілді"

Білім саласы:"Таным"

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері.

Тақырыбы:"Үлкен-кіші.Биік-аласа.Ұзын-қысқа"

Мақсаты:

Білімділігі: Үлкен-кіші.Биік-аласа.Ұзын-қысқа ұғымдарын анықтау.

Дамытушылығы:Танертең (тан) тәулік бөлігімен таныстыру.Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші,биік-аласа,ұзын-қысқа) салыстыруды үйрету.

Тәрбиелігі: Қоршаған ортадағы заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.

Көрнекілігі:Тақырыпқа сай суреттер.Үлкен-кіші,биік-аласа,ұзын-қысқа суреттері.Дидактикалық ойын құралдары.

Шаттық шеңбер:

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

бізге келсін қуаныш,нұр іздеген.

Шуақ толған жанымыз,жүрегіміз,

үлгі алсын көрген жан бізден!

"Кім жылдам ойыны"

Ойынның шарты: Тез - тез жауап беру.

Қазір жылдың қай мезгілі?

Көктем мезгілінің айларын атаңдар?

Тәулік бөліктерін атаңдар?

Балалардың жауаптары.

Балалар,барлығымыз тақтаға назар аударайық.Жаңа тақырыпқа тоқталу.

Тақтадан не көріп тұрсыңдар?

Балалар:Үлкен-кіші үйлерді,биік-аласа талдарды,ұзын-қысқа жолды.

Ғажайып сәт: Аю келеді көңілсіз,қолында тапсырмалар бар екен,тапсырмаларды орындай алмайтынын айтып,балалардан көмек сұрайды.

Балалар көмектесетінін айтады.

1-тапсырма: Күннің шуақтарын жапсыру.

Мақсаты: Ұзын қысқа шуақтарды жапсыру. Үлкен-кіші ұғымдарын арттыру.

2-тапсырма: Қызыл және көк дөңгелектер араласып кеткен. Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай?

Мақсаты: Дөңгелек шеңберлер араласып кеткен, үлкен және кішкентай дөңгелектер тең немесе тең еместігін айыру.

3-тапсырма: "Биік-аласа" дидактикалық ойын. (үлестірмелі тапсырмалар).

Мақсаты: Биік ағашқа үлкен, аласа ағашқа кішкентай құсты қондыру қажет. Салыстырып, көлемін (үлкен, кіші, биік-аласа) атау.

Жарайсыңдар, 3 тапсырманы да өте жақсы орындадыңдар.

Аю қуанып шығып кетеді, қолындағы себеттегі жемістерін балаларға таратып кетеді.

Сергіту сәті.

Мнемокесте арқылы оқу қызметін аяқтау.

Балаларды мадақтау.

